

С.Б. Көшербаев*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан
E-mail: ks_260681@mail.ru*

Ар-намыс пен қадір-қасиетке, іскерлік беделге қарсы құқық бұзушылықтардың ғылыми-теориялық және тәжірибелік мәселелері

Зерттеудің мақсаты – адам құқықтарының ең маңызды жеке мүлкі емес құқықтарының ішіндегі ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы құқық бұзушылықтардың орын алу себеп-салдарларын анықтау, олардың теориялық ғылыми-әдіснамалық мәселелерін ашу, алдын алу жолдары мен тәсілдерін көрсету, мұндай құқық бұзушылық орын алған жағдайда тиімді және дұрыс реттелу жолдарын анықтау. Жала жабу әкімшілік құқық саласында жаңа құқықтық норма болғандықтан адам мен азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы және осыған ұқсас құқық бұзушылықтардың мәні және табиғаты, құқық қорғау жүйесіндегі реттелу тетіктері; олардың алдын алу жолдары; ар-намыс пен қадір-қасиетке қатысты нормативтік-құқықтық актілерді халықаралық стандарттарға үйлестіруді ғылыми тұрғыдан зерттеу қажет. Автор танымының жалпы ғылыми және арнайы әдістерін қолданған (нормативтік, салыстырмалы-құқықтық, теориялық талдау және кеңейту, жүйелік және функционалды тәсілдер). Қол жеткізілген нәтижелер – мақалада ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы құқық бұзушылықтың бірі жала жабу институты әкімшілік құқықтық саласында алғаш рет қарастырылды. Мақалада автор бұқаралық ақпарат құралдары мен әкімшілік құқық бұзушылық заңнамаларына толықтырулар енгізу, жалпы халыққа арналған әлеуметтік-құқықтық әдептік, ар-намыс кодексін қабылдауды қарастырған. Ақпараттық технологиялар мен демократиялық қатынастардың, оның ішінде сөз бостандығының дамыған заманында ар-намыс пен қадір-қасиетті, іскерлік бедел мен абыройды, игі атакты қорғаудың уақыт өткен сайын қоғамда өзектілігі артып келеді. Оны ғылыми тұрғыдан зерттеу және нақты құқықтық реттеу туралы ұсыныстар беру арқылы жетілдіруге болады.

Кілт сөздер: ар-намыс, қадір-қасиет, бұқаралық ақпарат құралдары, демократия, ақпарат, жала жабу, қорлау, әкімшілік құқық бұзушылық, сөз бостандығы, моральдық шығын.

Кіріспе

Қазіргі кезде өмірдің әлеуметтік сапасы мен халықаралық ортада жетекші орын алу тек материалдық құндылықтармен ғана емес, моральдық-психологиялық, рухани-мәдени, сонымен қатар, адам құқықтары мен бостандықтарын үстем ету, қоғамдық жүйеде құқықтық, демократиялық мемлекет құруды қамтамасыз ете алу қабілетімен де анықталатын болды. Қазақстанда жеке және заңды тұлғалардың ар-намыс пен қадір-қасиеттері, іскерлік беделдері құқықтық тұрғыдан жақсы қорғалған, адам құқықтарын қорғау бойынша халықаралық талаптарға жауап береді деп айтуға болады, бірақ та қоғамның өзгеруі мен дамуына сәйкес аталған институтты ғылыми тұрғыдан үнемі зерттеп, жетілдіріп отыру керек. Адам құқығы, оның ішінде жеке мүлкі емес құқықтарын қорғау мен сақтау қоғамда әрқашанда өзекті мәселе болып қалады. «Пікір бостандығы және оларды айту, білдіру бостандығы жеке тұлғаның жан-жақты дамуының ажырамас шарттары болып табылады. Олар кез келген қоғам үшін басты мәнге ие. Олар кез келген еркін және демократиялық қоғамның негізін қалаушы элементтер болып табылады» [1].

Жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделі мен абыройын заңнамалық тұрғыдан тиімді қорғау мәселесі Қазақстанның заңнамасында шет мемлекеттердің заңнамаларымен салыстырғанда әлі де жас, тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қазақстандық ғалымдардың терең зерттеу объектісіне айналған тақырыптардың бірі. Шет елдердің, оның ішінде ағылшын-саксондық құқықтық жүйе елдерінде материалдық емес игіліктерді құқықтық қорғауға арналған көптеген нормативтік актілердің жүйесі жоғары дамыған. Қазақ халқында ар-намыс пен қадір-қасиет ерекше құндылық ретінде саналған. Ата-бабаларымыз «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садағасы» деп ар-намысын жанынан жоғары қойып, ұяттың өлімнен де күшті екендігін, яғни «ұяттан жерге кіріп кете жаздадым» дейтін болған. Осы жерде «Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза» деген Мұхтар Әуезов пен «Пайда ойлама – ар ойла» деген ұлы Абай Құнанбаевтың да сөздерін айта кетуге

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ks_260681@mail.ru

болады. Профессор Р.Т. Нуртаев «...адамның ұяты жанның енуі мен тіршілік етуі үшін қандай да бір ғибадатхана, қандай да бір қолайлы орта деп болжам жасасақ, қате болмайды. Яғни, жан қолайлы тіршілік етуіне адаммен жағдай жасалған – ұят деп аталатын жерде пайда болады», – деп ар-ұяты жоғары адамның жаны да таза деген мағынаға әкеледі [2].

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толып отыр. Осы бір ширек ғасырдан астам уақыт ішінде еліміз халықаралық аренада экономикалық белсенді, бейбітшілік пен келісімді, татулықты биік ұстайтын мемлекет ретінде танылды. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә. Назарбаев пен қазіргі мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев көптеген саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени салаларда батыл реформалар өткізіп келе жатыр. Ол ең алдымен мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, халықтың әлеуметтік жағдайы мен демократиялық құндылықтарды үстем ету үшін жасалып жатыр.

Демократиялық, құқықтық мемлекет орната салу оңай емес, оған көптеген жылдар мен дұрыс болжанған саяси-құқықтық реформалар қажет және ең бастысы соны түсініп, қолдайтын бұрынғы әкімшілік-әміршілік жүйеден қалған халық санасын, менталитетін (ділін) өзгерту керек, арылту керек. Өз алдына жеке мемлекет болғалы бері осы бағытта негізінен біршама жұмыстар жасалды. Қазіргі кезде билік тек мемлекеттің абыройы мен өз бастарының қамын ғана емес, азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын да сақтауға, қорғауға бет бұрды. Соңғы жылдары демократияға нақты қадамдар жасалып, адам құқықтарына қатысты көптеген жаңа заң нормалары қабылданып, біршама кодекстер мен нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жанартылды.

Жала жабу қоғамда жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың бірі, тіпті күн сайын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиетін әрекеттер орын алып жатады, оны кейбір азаматтар елемей қоя салғанымен, кейбіреулер өз құқықтарын қорғау үшін арызданып жатады. Жала жабу деген адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне, сезімі мен эмоциясына, абыройы мен беделіне, тіпті оның өмірінің ары қарай қалай жалғасатынына да әсер етеді. Жала жабылған адам депрессияға, стресске түсіп, өмірі мүлде басқаша бағытқа бұрылып, тұңғышқа кетіп қалуы мүмкін.

Жала жабудың себептері мен салдарын саралау маңызды. Әсіресе қазіргі жастар яғни, психологиялық әлсіз азаматтар арасында жабылған жалаға шыдай алмай, өздеріне қол салып, суицидке ұшырап жататындар бар. Және де жала жабылғаны үшін кек алу мақсатында денсаулыққа ауыр зиян келтіру мен адам өліміне әкеліп соқтыратын оқиғаларға алып келеді. Жала жабу әрекетін қылмыс түрінен алып тастап, әкімшілік құқық бұзушылыққа жатқызу дұрыс, бірақ та, оның тек азаматтар арасында ғана емес, жалпы мемлекетке, қоғамға тигізер зияны да бар екенін ұмытпауымыз керек.

Қоғамда, жала жабу мен көпшілік алдында қорлау, масқаралау деген құқық бұзушылықтың бар екендігін, оның адам құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуде, сөз бостандығында, бұқаралық ақпарат құралдарының еркін, тәуелсіз жұмыс істеуінде, еліміздің демократиялық дамуында мәні мен өзектілігі бар тақырып екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Және де оның өте күрделі, көп қырлы, нәзік, өмірде әлеуметтік, психологиялық, құқықтық т.б. тұрғысынан қарастырылуы керек түсінік болып табылады.

Материалдар және әдістер

Мақаланы жазу барысында еліміздің ар-намыс пен қадір-қасиетке, іскерлік беделге қарсы құқық бұзушылықтарды реттейтін нормативтік құқық актілері пайдаланылды, оның ішінде ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, ҚР Конституциясы, ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң т.б. бар. Мемлекеттік құқықтық жүйелері дамыған елдер мүше болған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы да мүше болып табылатын Халықаралық ұйымдар мен олардың халықаралық нормалары да қолданылды, атап айтқанда 1946 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының бірінші сессиясында «Ақпарат бостандығы туралы сұрақ бойынша Халықаралық конференцияны шақыру» туралы 59 (I) резолюциясы, Қазақстан Республикасы 2006 жылы 24 сәуірде ратификациялаған БҰҰ 1966 жылғы 16 желтоқсандағы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактісі, «Адам құқықтары туралы» 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ үшінші сессиясында 217 А (III) резолюциямен қабылданған Декларация т.б. бар.

Сонымен қатар, осы мәселе бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген заңгер, әлеуметтанушы, қоғамтанушы ғалымдардың ой-пікірлері мен көзқарастары негізге алынды.

Жұмысты жазу барысында аннотацияда көрсетілгендей танымның жалпы ғылыми және арнайы әдістері (нормативтік, салыстырмалы-құқықтық, теориялық талдау және қорытындылау, жүйелік және функционалды ұстанымдар) қолданылды. Мақалада көрсетілген мақсат-міндеттерге жету жолында материалистік диалектика заңдарына және санаттарына, дүниетанымдық теорияның, әсіресе әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің негізгі тұжырымдарына, сондай-ақ құқықтық құбылыстарды зерттеудің әдістемелік іліміне сүйенген. Зерттеу процесінде формальды логиканың ережелері, талдау мен жинақтау, салыстырмалы құқықтық және статистикалық, нақтылы-әлеуметтік әдістемелер пайдаланылды.

Нәтижелер

Ғылыми мақалада берілген ұсыныстар, тұжырымдар мен қорытындылар болашақта қолға алынса, ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтардың азаюына алып келуі мүмкін. Жалпы ар-намыс пен қадір-қасиет адам құқықтарының материалдық емес ең маңызды түрлерінің бірі болғанымен жоғарыда атап кеткендей біздің қазақстандық ғылымда жан-жақты, толық зерттеліп бітпеген тақырыптардың бірі. Сондықтан да көбінесе шет елдердің ғалымдары мен халықаралық ұйымдардың нормативтік актілеріне сілтемелер жасалынды. Жеке тұлғалардың ар-намыстары мен қадір-қасиеттеріне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты жасалған зерттеудің теориялық қорытындыларын, ұсыныстарын болашақта магистрлік, докторлық ғылыми-зерттеу жұмысын және білім беру процесінде пайдалануға болады. Бұл жұмыстың теориялық маңызы адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз етуге бағытталған теориялық тұжырымдарды толықтырумен көрініс табады. Әртүрлі оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар мен ғылыми мақалаларды жазуда қолдануға болады. Ал тәжірибелік маңыздылығына келер болсақ, мемлекеттік органдардың қызметінде, құқық қорғау органдарының қызметінде, сот органдарының қызметінде жала жабу құқық бұзушылықтарын құқықтық қорғауда тиімді қолдануға болады деп есептейміз.

Кез келген мемлекетте жала жабу үшін ауыр қылмыстық жауапкершіліктің орын алуы және оның тәжірибеде қолданылуы сөз бостандығының деңгейін бағалау үшін өзіндік өлшем ретінде танылып келеді. Және де өз пікірі мен ойын еркін жеткізу, ақпараттарды еш кедергісіз алу мен тарату Қазақстан Республикасы 2006 жылы 24 сәуірде ратификациялаған БҰҰ-ның 1966 жылғы 16 желтоқсанда «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық пактісімен қорғалған және де осы пактінің 19-бабын түсіндіре отырып, жала жабу үшін бас бостандығынан айыруға жол берілмеушілік туралы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті ескерткен [3].

ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаевтың ұсынысымен 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 73-3-бабы «Жала жабу» бабымен толықтырылды. Осы кодекс бойынша «жала жабу – басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату» [4] болып табылады. Аталған өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 10 шілдеден бастап заңды күшіне енді. Бұл өзгеріс қазақстандық қоғамда көбінесе жағымды жағынан сипатталуда. Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, журналистер тарапынан қолдау табуда. Қоғамға және мемлекетке аса қауіпті зиян туғызбайтын тек жеке және заңды тұлғалар арасында ғана туындайтын бұл құқықтық қатынас үшін қылмыстық жауапкершіліктің туындамайтыны қуантуда. Осы орын алған өзгеріс Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға да септігін тигізуі мүмкін деп ойлаймыз. Себебі, бұрын, яғни қылмыстық әрекет ретінде сыбайлас жемқорлыққа қатыстылығы туралы ақпараттарды таратқаны үшін журналистерді қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі өте зор болды, көбінесе лауазымды тұлғалар осы бапты пайдаланып журналистерді сотқа сүйреп жататын. Ал енді журналистер болсын немесе азаматтық қоғамның белсенді тұлғалары болсын өздеріне мәлім болған жемқорлыққа қатысы бар тұлғалар туралы еркін ақпараттар тарата алады. Бірақ та, әкімшілік жауапкершілікке тартылып кету қаупі әлі де бар. Себебі әкімшілік жауапкершілік азаматтардың бей-берекет басқа тұлғаның сыртынан өтірік жала жауып, жалған ақпарат тарата бермеуі үшін керек.

Сол сияқты, Қырғызстанда 2011 жылы 11 шілдеде ҚР Қылмыстық кодексіне №89 Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 127-бап «Жала жабу» күшін жойған болатын. Ал 128-бап «Қорлау» Қырғыз Республикасы Жоғарғы сотының Конституциялық палатасының 2013 жылғы 6 қарашадағы № 8-Р шешімімен күшін жойды. Қырғыз Республикасының қазіргі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа Қылмыстық кодексінде бұл екі бап та алынып тасталған [5].

Ақпараттық технологиялар мен техникалардың дамыған заманында осы саланы жан-жақты зерттеуші, толық білуші мамандардың қажеттілігі өсіп келеді. Жеке және заңды тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін дұрыс қорғау мен сақтау құқық қорғау органдарының сапалы және тиімді қызметіне тікелей қатысты. Соңғы жылдары ел азаматтарының құқықтық мәдениеті мен сауаттылығының артуынан болуы керек, сот органдары мен полиция органдарына өз ар-намыстары мен қадір-қасиеттерін, іскерлік беделдері мен абыройын қорғау мақсатында, жала жабылғанын айтып шағымданушылардың саны көбейіп келе жатыр. Оны Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайтынан көруге болады [6].

1946 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің бірінші сессиясында «Ақпарат бостандығы туралы сұрақ бойынша Халықаралық конференцияны шақыру» туралы 59 (I) резолюциясын қабылдады, онда «Ақпарат бостандығы – адамның негізгі құқығы және Біріккен Ұлттар Ұйымы өзі қорғауға арнаған бостандықтардың барлық түрлерінің критерийі болып табылады» және де «ақпарат бостандығы оның артықшылықтарын пайдаланатындарға сөзсіз оларды теріс пайдаланбауды қалау мен қолдануды талап етеді; оның негізгі қағидасы шынайы фактілерді анықтауға ұмтылу және ақпараттарды таратудағы арам ниетсіз моральдық міндет болып табылады», – деп жарияланған [7].

Біздің Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты көптеген халықаралық ұйымдар мен құқықтық нормаларға қосылған. Бірақ та, сол ұйымдар мен нормалардың қағидаларын қатаң ұстана бермейтін сияқты. Өз құқығы мықтап сақталмаған, әлеуметтік-экономикалық жағдайы қорғалмаған және өзін-өзі көрсетіп, дамыта алмаған елден азаматтардың көшіп кету үрдісі белең алады. Мұндай жағдай қазір бізде орын алып та жатыр.

Интернет желісінде және бұқаралық ақпарат құралдарында таралып жататын ақпараттар мен мәліметтердің рас немесе жалған екендігін ажырата алмай қалатын жағдайлар жиі кездесуде. Осы ретте БАҚ құралдарының редакциясы мен журналистері негізсіз, дәлелсіз, әлі анықталмаған, шындыққа жанаспайтын, сот үкімімен нақтыланбаған, жала жабатын ақпараттарды таратудағы өздерінің жауапкершілігін ұмытып кетіп жатады. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, оның ішінде тәуелсіз газет журналдар мен телеарна саласы журналистер мен бас редакторларға тапсырыс бойынша жеке немесе заңда тұлғаларды қаралау, масқаралау, жаман атын шығару, аяқтан шалу, ар-намысы мен абыройын төмендету бойынша әрекеттерге баратыны жасырын емес. Мұның ішінде сыбайлас жемқорлық, адал емес бәсекелестік, көре алмау мен қызғану себеп болуы мүмкін. Өтірік, шындыққа жанаспайтын ақпараттарды жариялап, газет пен журналдың, телеарнаның рейтингісі үшін, сатылым санын көбейту үшін, қоғамда резонанс туғызу үшін, өздерін жарнамалау үшін жазатындар бар. Ал бұл халық арасында толқулар мен негізсіз шу шығаруға алып келеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар» [8] делінген. Бірақ та, «менің сөйлеуге құқығым бар» деп ойына келген сөзді айта беруге де болмайды. Кейбір жағдайларда журналистердің жариялаған ақпараттары мемлекеттік органдардың мәліметтерімен сәйкес келмей жатады. Бұл туралы мемлекеттік билік органдары да қоғамда қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық оқиғалар орын алғанда оған қатысты тек ресми мәліметтерге ғана сенуге шақырып жатады. «Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 3 шілдедегі № 451-1 Заңының 21-бабының 2-тармағына сәйкес журналистің шындыққа сай келмейтін ақпараттарды жарияламау міндеті көрсетілген [9]. Мұндай жағдайда тек сол бір ақпаратты жазған журналист авторды ғана емес, тапсырыс берушіні де жауапкершілікке тартқан дұрыс. Жалпы біреуге жала жабу мен қорлау әрекеті міндетті түрде заңмен жазалануы тиіс, ол тұлғаның немесе адамның заңмен қорғалатын мүліктік емес объектісі болып табылатын ар-намысына, қадір-қасиеті мен абыройына зиян келтіріп тұрған әрекет.

Талқылау

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Б. Жұмағұловтың осы ағымдағы жылдың наурыз айында Парламент қабырғасында ұсынған «еліміздегі барлық әлеуметтік желілерді реттейтін арнайы заң қажет» деген ұсынысын қолдауға болады. Оның айтуынша: «Бұл, сөз бостандығын шектеу үшін емес, әлеуметтік желі жүйесін заңнамалық тұрғыдан реттеу үшін және олардың заң алдындағы

жауапкершілігін көтеру үшін қажет». Сапасыз заттарға жарнама жасайтын да, терроризм мен экстремизмге үгіттеп шақыратын да оқырманы көп әлеуметтік желілерден қауіп төнуі мүмкін.

Жалпы, жала жабу мәселесі көптен бері қазақстандық қоғамда қызу талқыланып келе жатқан өзекті тақырыптардың бірі. Халықаралық құқықтағы жала жабу даулары туралы, жала жабуды криминалсыздандырудың алғышарттары мен оған қатысты құқықтық статистикалар және де Қазақстан мен шет елдердің жала жабу туралы түсініктерінің арасындағы негізгі ерекшеліктер мен айырмашылықтары туралы еліміздің әртүрлі ұйымдары мен орталықтарымен зерттеулер жүргізіліп келеді. Солардың бірі «Әділ сөз» және «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» қоғамдық қорларының зерттеулері [10]. Ар-намыс пен қадір-қасиет, іскерлік бедел тек Қазақстан Республикасының ғана емес бүкіл дүние жүзіндегі елдердің адам құқықтарының ішіндегі ең маңызды қорғауға алынған объектілердің бірі. Қырғыз Республикасындағы ар-намыс пен қадір-қасиетті, іскерлік беделді қорғау бойынша сот актілерінің талдауына назар аударсақ, мұндай дауларды сотқа дейінгі шешу тетіктері қаралмаған, келтірілген моральдық өтемақының көлемі нақты анықталмаған, сөз бостандығы мен басқа тұлғаның ар-намысына тиісу арасындағы айырмашылық толық анықталмаған және тағы да басқа кемшіліктер аталып көрсетілген [11].

Жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиісу, жала жабу мен қорлау туралы құқық бұзушылықтарда өте маңызды ескере кететін жағдай, кім бірінші құқық қорғау және сот органдарына арыз жазса соның құқығы қорғала бастайды. Біздің санамызда кім бірінші арызданып органдарға шағымданса соның құқығы бұзылып тұр, ол адам жәбірленуші деген сана қалыптасып қалған. Ал шын мәнінде істің ақ-қарасын анықтайтын болса жәбірленушінің өзінің де осы істе кінәсі, айыбы болуы, жабылған жаланың шындық болып шығуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатын «Жала жабу» бабының мәтінінде басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату деген сөйлем келтірілген. Ақпараттың таратылуы деген ұғымды қалай түсінеміз, мысалы, екі адам сөйлесіп отырып үшінші адам туралы жалған ақпарат айтса, бұл құқық бұзушылыққа жатады ма? Әлде ол кең көлемде көпшілік бұқара халыққа тарауы қажет пе? Қанша адамға таралса, құқық бұзушылық ретінде саналады?

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске «Жала жабу» бабы жаңадан енгізілгендіктен оны бұрынғы қылмыстық әрекет тұрғысынан емес, әкімшілік құқық бұзушылық ретінде ғылыми тұрғыдан қайта зерттеуге деген ғалымдар арасында қызығушылық туындауда. Соңғы жылдардағы интернеттің толық қамтылуы мен ондағы әлеуметтік желілердің кең таралуына орай туған-туыстар мен көршілердің, әріптестер мен қызметшілердің арасында жала жабу фактілері кемімей отыр. Бұл да осы құқық бұзушылықтың себеп-салдарларын анықтауға итермелеуде. Қылмыстық құқықтан әкімшілік құқыққа ауысқандықтан шешілуі тиіс жаңа құқықтық сұрақтар туындайды, соның бірі, осы бап бойынша әкімшілік құқықтың субъектісі кімдер болады? Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша тек жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғаларға ғана жауапкершілік көзделген, бірақ та, жала жабуды заңды тұлға да жүзеге асыруы мүмкін ғой. Профессор Р.Т. Нуртаев өзінің кезекті ғылыми мақаласында заңды тұлғалардың тіпті қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселе қарастырады. АҚШ, Англия, Франция және Қырғыз Республикасы заңнамаларынан үзінділер келтіре отырып Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынады [12].

Құқықтық мемлекет құруды көздеген Қазақстан Республикасының барлық құқықтық қарым-қатынастары заңдық нормалармен анықталып, реттелгені дұрыс. Мемлекет пен құқықтың мақсат-міндеті қоғамдық қатынастарды дұрыс реттеу мен азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігін, дау-дамайлар мен істерді шешуде нақтылық пен дәлдіктің орын алуын қамтамасыз ету, әртүрлі шешімдер қабылдануына жол бермеу емес пе?

Бізде азаматтарға өз құқықтарын қорғауға заңдық тұрғыдан Конституциямен де мүмкіндіктер берілгенімен, олардың іске асу тетіктері әлі де жетілдіруді қажет етеді. Егер адам және азамат мемлекет немесе заң тарапынан қолдау көрмесе, өз құқығын жеткілікті дәрежеде қорғай алмаса заңсыз жолдармен жүруге мәжбүр болады. Соңғы жылдары азаматтарымыздың шет елдерге көшіп кетіп жатқаны да сол себептерден деп есептейміз. Ал оның артында адам тағдыры, қылмыс, сыбайлас жемқорлық тұрады. Мемлекет әрдайым өз азаматтарының өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға алып, әлеуметтік қолдау көрсетіп, құқықтық нормаларды жетілдіріп, әр түрлі тетіктерді қосып, даулы мәселелерді шешуді қолға алуы тиіс.

Жала жабу немесе қорлау құқық бұзушылықтарының ескіру мерзімдері де нақтылық пен анықтауды қажет етеді. Азаматтардың жеке бас құқықтарына жататын мүліктік емес ар-намыс пен қадір-қасиет, абыройы мен беделіне қол сұғушылықтың қанша мерзім өтсе де жазалануы қажет пе, әлде оның де шекті ескіру мерзімі болғаны жөн бе? Қазақстан Республикасының қылмыстық және әкімшілік заңнамаларына сәйкес бұл құқық бұзушылықтардың ескіру мерзімдері әртүрлі. 1992 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» № 6 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 13-бабына сәйкес «Рухани зиянды (мүлікке жатпайтын) қалпына келтіру туралы талапқа заңды талап мерзімі жатпайды» [13] және де Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 187-бабына сәйкес «заң құжаттарында көзделгеннен басқа реттерде материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға талап қою мерзімі қолданылмайды» [14]. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес бұл құқық бұзушылықтың ескіру мерзімі екі айды құрайды. Мүмкін бұл мерзімді қайта қарастыру керек шығар. Ресейлік ғалым Р.Х. Давыдов өзінің ғылыми мақаласында интернет желілеріндегі немесе электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттарға қатысты тұрақты заңнамалық базаның жоқтығына, осы саладағы білікті заңгер мамандарының жоқтығына және осы құқық бұзушылықтың ескіру мерзімдеріне жан-жақты сипат беріп өтеді [15].

Қазіргі қоғамның ақпараттық дамуы мен өзгеруі кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының саны да өсуде. БАҚ туралы заңға сәйкес «Бұқаралық ақпарат құралы дегеніміз – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киножұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны». Сондай-ақ, жоғарыда аталған ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға сәйкес «бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы жеке және заңды тұлғаларға тиесілі. Бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарламалар мен материалдарды таратуға теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және (немесе) желілік басылымды есепке қою туралы куәлік негіз болып табылады. Бірақ та бұл талаптар интернет-ресурстарға қолданылмайды» [9] деп көрсетілген. Ал, қазіргі кезде көптеген интернет-ресурстары бар, олардың оқырмандары заңды түрде құрылған бұқаралық ақпарат құралдарынан бірнеше есе көп. Олардың желілерінде қаншама рас-өтірігі бар ақпараттар тарап жатыр. Ал халық оларға сеніп қалып, алаяқтарға алданып қалып, опық жеп жататындары бар. Халықты көтерілістер мен заңсыз митингілерге де шақыру, діни секталарға тарту да осы желілерде тарап жатады. Еліміздің азаматтарының құқықтары мен өмірін, денсаулығын қорғау, мемлекет пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау мақсатында белгілі бір мөлшерден асқан оқырмандары бар интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерді бұқаралық ақпараттық құралдар қатарына қосу қажет деп есептейміз.

Интернет желісіндегі әртүрлі сайттарда жарияланған ақпараттарға қатысты пікір білдірушілер көбінесе өздерінің аты-жөндерін көрсетпей, өзгертіп, жалған атпен кіріп адамдардың ар-намыстарына, қадір-қасиеттеріне тиетін, шындыққа жатпайтын жала пікірлер білдіріп жатады. Ал оларды табу мен жауапкершілікке тарту өте қиын іс. Осындай ақпараттарды таратқан интернет ресурстар жауапкершілікке тартылып жатады, бұл қаншалықты дұрыс? Осы мәселелерден кейін адам құқықтарын қорғауды күшейтіп, ақпараттық технологиялар бағытындағы заңгер мамандарды даярлау өзектілігі туындайды.

Ар-намыс пен қадір-қасиетке байланысты сот процестері көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, яғни, журналистер мен мемлекеттік қызметшілер, билік өкілдері, сонымен қатар, заңды тұлғалар (оның ішінде бизнес өкілдері, кәсіпкерлер) арасында өтетінін байқауға болады. Қоғамдық, жария биліктің өкілдері болып табылатын лауазымды тұлғалардың халық алдындағы жауапкершіліктерін естеріне салып, уәделерінде тұрып, халық үшін қызмет атқаратындықтарын сезінуді осы бұқаралық ақпарат құралдары жүзеге асырады. Бұл демократиялық және құқықтық мемлекет құруда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуде қажетті құрал деп есептейміз.

Жала жабу немесе көпшілік алдында қорлау құқық бұзушылығы орын алған жағдайда оны сот процесінде талқылауда судья жеке өзінің немесе арызданушының арызында жазып көрсеткен түсінігін ғана негізге алмай бүкіл қоғамда бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік, моральдық-психологиялық, адамгершілік-имандылық, өнегелік нормалардың қағидаларын негізге алуы тиіс. Кейбір сыни тұрғыдан айтылған сөздерді азамат өзіне жала жабылды деп тануы мүмкін. Оның жала немесе жала емес екендігін судья шешуі тиіс. ҚР Қылмыстық кодексіндегі «Билік өкілін қорлау»

деген бап бойынша билік өкіліне қатысты кез келген жазылған мақала үшін азамат сотталып кетуі мүмкін. Лауазымды тұлға, яғни, билік өкілі өзінің аты-жөні көрсетілген кез келген мақаланы өзінің ар-намысына қарсы жазылған деп авторды сотқа беруі мүмкін. Себебі, әр адамның дүниетанымы, құқықтық терминдерге деген түсінігі әртүрлі. Құқықтық терминдерге ғылыми тұрғыдан сараптама жасап, түсінікті, анық, нақты қолдану тергеу мен сот процесі үшін өте маңызды. Бұл мәселеге қазақстандық зерттеуші А.Б. Ордабаева өзінің ғылыми мақаласында арнайы тоқталып, заңдық терминдер мен олардың мағынасына нақты құқықтық анықтамалардың қажеттілігін атап өтеді [16].

Екі жақтың арасындағы дауды шешуде медиациялық әдіс қолданылуы керек, яғни, кешірім жасау арқылы татуласу, дауласушы тараптарды бітімгершілікке келтіру. Біздің Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің санкциясына осы бір норманы енгізу қажет деп санаймын. Даулы істерді шешуде ол әдісті қолдануға тыйым салынбаған, бірақ та, кодексте жазылмағандықтан қарапайым азаматтар оны оқып, көріп, естімегендіктен норманы қолданбай сотқа шапқылап, уақыты мен қаржысын, жүйкесін құртып әуреге түсуі мүмкін. Мұндағы айтайын деп тұрған ойымыз ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы әкімшілік құқық бұзушылық орын алған жағдайда бірден сотқа жүгінбей алдымен медиациялық орталықтардан өтуді заңмен міндеттеу, егер екі тарап бұл әдістен шешімін таба алмаған жағдайда ғана сотқа арыздануға құқық беру. Жалпы «Жала жабу» бабының өзі Қылмыстық кодекстен алынып тасталуының бір себебі, бұл құқық бұзушылық тек екі тұлғаның арасында ғана болатын даулы мәселе. Ол мемлекет үшін, қоғам үшін аса ауыр зардаптар мен қауіп-қатерлер тудырмайтын әрекеттер қатарына жатады. Сол үшін де қылмыс түрінен алынып тасталды деп есептейміз.

Осы жерде медиациялық әдістің бір тиімділігі Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің жауапкершілігінде көрсетілген айыппұлдың айлық есептік көрсеткішін айыпты, кінәлі тұлға мемлекет қазынасына төлейді. Ал медиациялық әдіс арқылы шешілетін болса азаматтық құқық бұзушылықтың жауапкершілігіне сәйкес талапкердің немесе жәбірленушінің пайдасына моральдық өтемақы төленіп беріледі. Яғни, қазіргі әкімшілік құқық бұзушылықта жәбірленуші өзінің құқығы бұзылғаны үшін ешқандай моральдық өтемақы ала алмайды. Тек кінәлінің жазадан құтылмай жауапкершілікке тартылуына ғана қанағаттанады.

Заңгерлердің негізгі мақсаты қоғам үшін, оның ішінде ең алдымен адам мен азаматтардың мүддесі үшін, құқықтары мен бостандықтарының тиімді қорғалуы үшін қызмет ету. Осы құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуде, сотқа дейінгі тергеуде қаншама қаржы, қаншама күш-жігер, тергеушілер мен сот орындаушылардың қаншама уақыты, қаншама моральдық-психологиялық күйзелістер кетеді, ал іс сотқа жеткен кезде екі тарап татуласып кетіп, бірін-бірі кешіріп жататын оқиғалар өте көп кездесіп жатады.

Соңғы жылдары әлемде болып жатқан өзгерістер біздің жылдар бойы қалыптасқан құндылықтарымызды қайта қарауға үйретуде, соның бір ғана мысалы, екі жылдан бері жүріп жатқан COVID-19 бүкіл әлемде қоғамдық және мемлекеттік деңгейде жаңа талаптар қойды. Адамдардың үйреншікті жұмыстары, туыстармен араласуы, отбасындағы қатынас т.б. барлығы өзгеруде. Соған сай, қазіргі мемлекеттік қызметшілер қолданып жүрген ар-намыс кодексі сияқты, жалпы қазақстандық халыққа арналған ортақ әлеуметтік-құқықтық ар-намыс, әдеп кодексін әзірлеп жариялау қажет деп есептейміз. Ол қазақстандық азаматтарды қандай да бір әрекеттерді орындауға міндеттеу емес, жалпы қазақстандық азамат жаңа заманда қандай болуы керек, көпшілік ортада өзін-өзі қалай ұстауы тиіс, жанындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, сыйлау деген қандай болады, өзін-өзі тәртіпке келтіру, мәдениетті ету бойынша нұсқаулық ретінде құрылуы тиіс. Жалпыға ортақ ар-намыс кодексі ата-бабаларымыздан келе жатқан қоғамда қалыптасқан әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге, кішіпейілділік пен имандылыққа, адамгершілік пен моральдық нормаларға негізделуі тиіс. Ол тек идеологиялық тұрғыдан болуы тиіс. Бұл кодексті ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негізінде құрылған «Рухани жаңғыру» офистері негізінде әзірлеуге де болады. Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері, әртүрлі діни ұйымдар тіршілік етеді, көп ұлтты көп конфессиялы елміз, олардың мәдениеті, дәстүрі, ғұрыпы мен салты басқаша. Бірақ та, ұсынылып отырған жалпыға ортақ ар-намыс кодексі әлем мойындаған кішіге ізет, үлкенге құрмет, басқаның құқығы мен бостандығына қол сұқпау, мейірімділік пен сыйластық, бауырмалдылық пен бір-біріне көмектесу, жемқорлыққа қарсы тұру, адалдық, әділдік сияқты басқа да қағидалық негіздерден тұруы керек. Бұл кодекстің қабылдануы барша қазақстандық қоғамда педофилизм, сыбайлас жемқорлық, жала жабу сияқты, басқа да кейбір құқық бұзушылықтардың алдын алуға үлкен көмек болары сөзсіз. Сонымен қатар,

қоршаған ортаны қорғауға, ластамауға, қарт адамдарды құрметтеуге, жас балаларға қорлық көрсетпеуге үйретер еді.

Егер қабылданған жағдайда жалпыға ортақ кодексті мерзімді баспасөз құралдарында, телеарналар мен әлеуметтік желілерде, көпшілік орындарда жарияланатын болса пайдасы тиер еді деген үміт бар. Құқықтық мемлекет болғандықтан барлық қоғамдық қатынастар тек заң нормаларымен шешілуі тиіс. Кейбір құқық бұзушылықтар қылмыстық және әкімшілік құқықтық нормалармен қарастырылған. Бірақ та, қарапайым халық бөлімдері мен тараулары, баптары мен тармақтары және ескертулері көп қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерді алып оқи бермейді, оқымайды да, түсіне де бермейді. Ал егер де осы кодексті қабылдап оны қалтаға салып жүретіндей кітапша ретінде шығарып көпшілік орындарда таратылса, халық танысар еді, қоғамның санасы өзгерер еді. Бұл мәселе туралы менің осы ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысында (№2 (65), 2021) шыққан «Ар-намыс пен қадір-қасиетті, іскерлік беделді құқықтық қорғаудың заманауи әдістері мен құқық бұзушылықтың алдын-алу шаралары» атты ғылыми мақаламда да атап өткен болатынмын. Бірақ та, ол жерде көбінесе құқық қорғау органдары қызметшілерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне тоқталып өткенмін. Себебі, Ресей Федерациясында «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін қорғау» бойынша әдістемелік нұсқаулық [17] бар. Бізде ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі, педагогтердің ар-намыс кодексі, дәрігерлердің Гиппократ анты сияқты т.б. әрбір жекелеген ұжымдар мен сала қызметкерлерінің әртүрлі жүйеленбеген өзіндік нормалары бар. Әдеп кодексінің мақсаты қоғамдық ортада жағымды ахуал қалыптастыру, адамдар арасындағы моральдық-этикалық климатты дұрыстау, бір-біріне деген сенім мен құрметті арттыру.

Ресей ғалымдары С.В. Пчелинцев және С.С. Пчелинцевтің ғылыми мақаласында АҚШ, Қытай, Моңғолия, Ұлыбритания, Нидерланды елдерінің мемлекеттік басқару жүйесіндегі этикалық кодекстердің қабылдануы мен қызмет атқаруының тиімділігі туралы маңызды мәселелер қарастырылған [18]. Сонымен қатар, ресейлік автор А.А. Малиновский әр саланың кәсіби әдеп кодекстеріне тоқталып, олардың қоғамдағы маңыздылығы мен тарихына тоқталып өткен [19].

Ақпараттық технологиялардың дамыған қазіргі заманда қару алып ешкім соғысқа қатыспаса да интернет пен бұқаралық ақпарат құралдарында бір-біріне қарсы соғыссыз ақпараттық қақтығыс майданы жүріп жатыр. Кейбір біздің азаматтарымыз басқа бір тұлғаны үйде отырып алып-ақ әлеуметтік желілер арқылы масқаралап, жала жауып, шын-өтірігі аралас ақпараттар тарата береді. Әлеуметтік желілердегі бір-біріне жала жабу мен көпшілік алдында қорлау сияқты мәселелерді Үкімет пен министрліктер қолға алып заңгер ғалымдардың ұсыныстарын ескере отырып, реттеу тетіктерін қоспаса шегінен шығып бара жатыр.

Қазақстанда қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабар берген тұлғаны миллиондаған теңге беріп марапаттап жатыр. Ал енді ол берілген хабар органдардың тексеруінен кейін дәлелденбесе хабар берген тұлға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 73-3-баптың 3 тармағымен, яғни, «адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан іс-әрекеттер үшін – жеке тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе жиырма бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға, лауазымды адамға жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді» [4]. Мұнда адамды бір жағынан жемқорлыққа қарсы күреске ат салысу, құзырлы органдарға көмектесу, қылмыс туралы ақпарат жеткізуге ынталандыру болса, екінші жағынан егер жемқорлық фактісі дәлелденбесе оған айыппұл төлетіп, қамаққа алу жауапкершілігімен шектеу қоюға алып келеді. Осы екі норманың қайсысын қолдаған дұрыс, мемлекеттік органдарға жемқорлық фактісі туралы хабар жеткізуді қолдау, сыбайлас жемқорлықты тоқтатуға деген ынта ма, әлде хабар жеткізген адамды жалған жала жаптың деп әкімшілік жауапкершілікке тарту ма?

Қорытынды

Ұсынылған мақаланы талдай және қорытындылай келе, төмендегідей мәселелерді атап өткіміз келеді және мынадай ұсыныстар беріледі: ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі N451 Заңына өзгерістер енгізіп, бұқаралық ақпараттар құралдарының қатарына оқырмандары көп белгілі бір лимиттік шамадан асқан интернет-ресурстарын қосу қажет деп санаймыз және оның құқықтық реттеу тетіктерін қарастыру керек.

Қандай да бір мемлекеттік қызметшілер үшін ғана емес, жалпы қазақстандық халыққа арналған жалпыға ортақ әлеуметтік-құқықтық ар-намыс немесе әдеп кодексін әзірлеп жариялау қажет. Ол ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы құқық бұзушылықтарының құрбаны болмау, аталған құқық бұзушылықтар қандай жағдайларда туындауы мүмкін, олардан қалай сақтануға болады, оларды шешудің жолдары қандай т.б. кеңестерден тұратын қосымша әлеуметтік-құқықтық нұсқаулықтар әзірленуі керек.

Ар-намыс пен қадір-қасиетке, іскерлік беделге жала жабу құқық бұзушылықтарын шешуде соттық талқылаудан бұрын медиациялық тәсіл қолданылуы керек де есептейміз. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабына кешірім сұрату арқылы татуласу, бітімгершілікке келтіру нормасын заңды түрде енгізу мүмкіндігін қарастыру керек. Егер дауласушы екі тарап медиациялық тәсілмен шешімін таба алмаған жағдайда ғана сотқа жүгіну құқығы берілуі тиіс. Оның өзіндік артықшылықтары бар.

Бұқаралық ақпарат құралдарының және интернет ресурстарының қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру тетіктерін жетілдіру керек, ол үшін дәлелденбеген, нақты анықталмаған, сот шешімі шықпаған ақпараттарды жариялауға шектеу қою, оған жауапкершілік көздеу.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі «Жала жабу» бабының санкциясында тек жеке тұлғалардың ғана емес, сондай-ақ заңды тұлғалардың да жауапкершілігін енгізу керек. Өйткені бұл бұрынғыдай тек қылмыстық әрекет емес әкімшілік құқық бұзушылық қатарына жатады.

Өкінішке орай, мақаламызда келтіргендей қазіргі кезде бизнесте немесе лауазымдық сатымен көтерілу бәсекелестігінде бірін-бірі көре алмайтын, қызғаныш, кек алу мен аяқтан шалу салдарынан азаматтардың ар-намысына және қадір-қасиетіне, ұйымдардың іскерлік беделіне қысым жасалу қаупі орын алып тұрады. Мұндай іс-әрекеттер тапсырыс беру арқылы да жасырын тұлғалармен де жасалуы мүмкін. Сонымен қатар, таяқтың екі ұшы бар демекші, бір жағынан материалдық пайдасын ойлап, пайда табу мақсатымен кез келген сөздер үшін сотқа жүгініп, моральдық зиянның орнын толтырып алуды көздейтін азаматтар да бар. Ол ауылдық жерде ауылдастар мен ағайындардың, қалалық жерде туыстар мен көршілердің арасында іріткі салып, бір-бірінің бетін көрмей кетуге итермелейді. Дүниежүзілік қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде Қазақстан Республикасының ар-намыс пен қадір-қасиетті, іскерлік беделді қорғайтын заңдары да халықаралық нормаларға сәйкестендіріліп, әлі де жетілдірілуді қажет етеді.

Жалпы, адамның ар-намыс пен қадір-қасиетін құқықтық тұрғыдан қорғау тақырыбы мемлекеттің, қоғамның өзекті мәселесі болып қала бермек. Жаңа дәуір азаматын, сондай-ақ мемлекеттің өтпелі кезеңге қарай азамат тұлғасын қалыптастырып, дамыту мәселесінің көкейкестілігі ешқашан маңызын жоғалтпайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Замечание общего порядка № 34. Ст. 19: Свобода мнений и их выражения. Комитет по правам человека, 102 сессия. Женева, 11-29 июля 2011 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа URL: https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/Download.aspx?symbolno=CCPR%2fC%2fGC%2f34&Lang=ru (дата обращения 01.04.2021 г.)
- 2 Нуртаев Р.Т. О дальнейшей активизации противодействия коррупции [Электронный ресурс] / Р.Т. Нуртаев // Право и государство. — 2019. — № 4(85). — С. 97–107. — Режим доступа URL: <https://km.kazguu.kz/magazine/4-85-2019>.
- 3 Международный пакт о гражданских и политических правах. Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа URL: https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=ru&TreatyID=8&DocTypeID=11 URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml
- 4 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000235/k14235.htm>
- 5 Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі. 2019 жылғы 1 қаңтар [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34350840
- 6 Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
- 7 Резолюция 59(1) Генеральной Ассамблеи ООН «Созыв международной конференции по вопросу о свободе информации» // Право и СМИ Центральной Азии 65 пленарное заседание, 14 декабря 1946 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа URL: <https://medialaw.asia/document/-430>
- 8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз (өзгерістер мен толықтырулар) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

- 9 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_
- 10 Декриминализация клеветы в Казахстане: предпосылки, последствия и потенциальные трудности. Заключение подготовлено и опубликовано ОФ «Центр исследования правовой политики» (LPRC) в рамках проекта «Поддержка общественной деятельности в области реформ законодательства, затрагивающего вопросы верховенства права и прав человека». Январь 2020 года [Электронный ресурс]. — Режим доступа URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33239322
- 11 Аналитический обзор судебных актов по делам о защите чести, достоинства и деловой репутации // Программа USAID-IDLO «Повышение общественного доверия к судебной системе КР». — Бишкек, 2019. — С. 69 [Электронный ресурс]. — Режим доступа URL: http://admin-vshp.sot.kg/public/sites/3/2020/02/analiz_chest_dostoinstvo-1.pdf
- 12 Нуртаев Р.Т. О законодательной регламентации уголовной ответственности юридических лиц [Электронный ресурс] / Р.Т. Нуртаев // Право и государство. — 2019. — № 1 (82). — С. 4–14. — Режим доступа URL: <http://km.kazguu.kz/magazine/1-82-2019>
- 13 «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы. 1992 жылғы 18 желтоқсан № 6 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_
- 14 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ ҚРЗ [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
- 15 Давыдов Р.Х. Проблемы защиты чести, достоинства и деловой репутации по законодательству Российской Федерации [Электронный ресурс] / Р.Х. Давыдов // Экономика. Право. Общество. — 2020. — № (1). — С. 57–62. — Режим доступа URL: https://epo.rea.ru/jour/article/view/287?locale=ru_RU
- 16 Ордабаева А.Б. Юридическое понятие чести и достоинства в Республике Казахстан [Электронный ресурс] / А.Б. Ордабаева // Вестн. КазНПУ. — 2014. — Режим доступа URL: <https://articlekz.com/article/1927416>
- 17 Методические рекомендации по защите чести и достоинства сотрудников, деловой репутации органов внутренних дел [Электронный ресурс]. — Режим доступа: URL: https://mvd.ru/upload/site69/folder_page/012/015/564/Metodicheskie_rekomendatsii_o_zaschite_chesti_i_dostoinstva_sotrudnikov_delovoy_reputatsii_organov_vnutrennikh_del.pdf
- 18 Пчелинцев С.В. Некоторые вопросы этического регулирования в государственном управлении: Нидерландский опыт обеспечения «добропорядочности» [Электронный ресурс] / С.В. Пчелинцев, С.С. Пчелинцев // Вопросы государственного и муниципального управления. — 2009. — № 1. — С. 48–59. — Режим доступа URL: http://ecsocman.hse.ru/data/904/770/1223/48-59_Pchelintsev.pdf
- 19 Малиновский А.А. Кодекс профессиональной этики: понятие и юридическое значение [Электронный ресурс] / А.А. Малиновский // Журн. рос. права. — 2008. — № 4. — С. 39–44. — Режим доступа URL: <http://mgimo.ru/upload/iblock/830/8309bc11a5dbd749e6e6dafd38f15b70.pdf>

С.Б. Кошербаев

Научно-теоретические и практические проблемы правонарушений против чести и достоинства, деловой репутации

Цель исследования — выявить причинно-следственные связи правонарушений против чести и достоинства среди наиболее важных личных неимущественных прав человека, раскрыть научно-методологические проблемы, показать пути и способы предупреждения, определить этапы эффективного и правильного урегулирования сложившейся ситуации. Поскольку клевета является новой правовой нормой в сфере административного права, необходимо научно изучить координацию нормативно-правовых актов, касающихся чести и достоинства, с международными стандартами. Автором использованы общенаучные и специальные методы познания (нормативный, сравнительно-правовой, теоретический анализ и расширение, системный и функциональный подходы). Впервые рассмотрен институт клеветы как одно из правонарушений против чести и достоинства в административно-правовой сфере. Статья предусматривает внесение дополнений в законодательство о средствах массовой информации и административных правонарушениях, принятие Кодекса этики, чести и достоинства для населения. В век развития информационных технологий и демократических отношений, в том числе свободы слова, защита чести и достоинства, деловой репутации и чести, доброго звания, Кодекс со временем приобретет все большую актуальность в обществе и может быть усовершенствован путем научного исследования и предоставления рекомендаций по конкретному правовому регулированию.

Ключевые слова: честь, достоинство, средства массовой информации, демократия, информация, клевета, оскорбление, административное правонарушение, свобода слова, моральный ущерб.

Scientific, theoretical and practical problems of offenses against honor and dignity, business reputation

The purpose of the study is to identify the cause-and-effect relationships of offenses against honor and dignity among the most important personal non-property rights of a person, to reveal scientific and methodological problems, to show ways and means of prevention, to determine ways of effective and correct settlement of the current situation. Since slander is a new legal norm in the field of administrative law it is necessary to scientifically study the essence and nature of offenses that contradict the honor and dignity of a person and a citizen, regulatory mechanisms in the law enforcement system and ways to prevent them, the harmonization of normative legal acts concerning honor and dignity with international standards. The general scientific and special methods of cognition (normative, comparative legal, theoretical analysis and extension, system and functional approaches) have been used during the study. In the article the institution of slander is designated as one of the offenses against honor and dignity for the first time in the administrative and legal sphere. For the introduction of amendments to the legislation on mass media and administrative offenses, the article provides the adoption of a Code of Ethics, Honor and Dignity for the population as a whole. In the age of development of information technologies and democratic relations, including freedom of speech, the protection of honor and dignity, business reputation and honor, a good title are becoming increasingly relevant in society over time. It can be improved by scientific research and providing recommendations on specific legal regulation.

Keywords: honor, dignity, mass media, democracy, information, slander, insult, administrative offense, freedom of speech, moral damage.

References

- 1 Zamechanie obshchego poriadka № 34. Statia 19: Svoboda mnenii i ikh vyrazheniia. Komitet po pravam cheloveka, 102 sessia. Jeneva, 11–29 iulia 2011 goda. [General comment No. 34, Article 19: Freedom of opinion and expression. Human Rights Committee, 102 session. Geneva, 11–29 July 2011] *tbinternet.ohchr.org* Retrieved from https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/Download.aspx?symbolno=CCPR%2fC%2fGC%2f34&Lang=ru [in Russian].
- 2 Nurtaev, R.T. (2019). O dalneishei aktivizatsii protivodeistvia korruptsii [On further activation of anti-corruption]. *Pravo i gosudarstvo — Law and State*, 4 (85), 97–107. Retrieved from <https://km.kazguu.kz/magazine/4-85-2019> [in Russian].
- 3 Mezhdunarodnyi pakt o grazhdanskikh i politicheskikh pravakh. Priniat rezoliutsiei 2200 A (XXI) Generalnoi Assamblei ot 16 dekabria 1966 goda [The International Covenant on Civil and Political Rights was adopted by General Assembly resolution 2200 A (XXI) of December 16, 1966]. *tbinternet.ohchr.org*. Retrieved from https://tbinternet.ohchr.org/_layouts/15/treatybodyexternal/TBSearch.aspx?Lang=ru&TreatyID=8&DocTypeID=11 URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml [in Russian].
- 4 Qazaqstan Respublikasynyn Akimshilik quqyq buzushylyq turaly kodeksi. 2014 zhylygy 5 shildedegi No 235-V QRZ [Code of administrative offences of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2014 No. 235-V Sam]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235_.htm [in Kazakh].
- 5 Qyrgyz Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi. 2019 zhylygy 1 qantar [Criminal Code of the Kyrgyz Republic dated January 1, 2019]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34350840 [in Kazakh].
- 6 Qazaqstan Respublikasy Bas Prokuraturasynyn Quqyqyq statistika zhane arnaly esepke alu zhonindegi komitetinin resmi saity [Official website of the Committee on Legal Statistics and special records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan]. *qamqor.gov.kz*. Retrieved from <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat> [in Kazakh].
- 7 Rezolutsiia 59 (I) Generalnoi Assamblei OON «Sozvyv mezhdunarodnoi konferentsii po voprosu o svobode informatsii» // Pravo i SMI Tsentralnoi Azii 65 plenarnoe zasedanie, 14 dekabria 1946 goda [UN General Assembly Resolution 59(I) “Convening of an international conference on freedom of information” / Law and Mass Media of Central Asia 65 plenary session, December 14, 1946]. *medialaw.asia*. Retrieved from <https://medialaw.asia/document/-430> [in Russian].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. 1995 zhylygy 30 tamyz (ozgerister men tolyqtyrular) [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated on August 30, 1995 (with amendments and additions)]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ [in Kazakh].
- 9 «Buqaralyq aqparat quraldary turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 23 shildedegi No 451 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on mass media No 451 of July 23, 1999]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_ [in Kazakh].
- 10 Dekriminalizatsiia klevety v Kazakhstane: predposylki, posledstviia i potentsialnye trudnosti. Zakliuchenie podgotovleno i opublikovano OF «Tsentr issledovaniia pravovoi politiki» (LPRC) v ramkakh proekta «Podderzhka obshchestvennoi deiatelnosti v oblasti reform zakonodatelstva, zatragivaiushchego voprosy verkhovenstva prava i prav cheloveka». Yanvar 2020 goda [“Decriminalization of libel in Kazakhstan: prerequisites, consequences and potential difficulties”. The conclusions were prepared and published by the Law Policy Research Center (LPRC) within the framework of the project “Support for Public Activities in the Field of Legislative Reforms Affecting the Rule of Law and Human Rights”, January, 2020]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33239322 [in Russian].

- 11 Analiticheskii obzor sudebnykh aktov po delam o zashchite chesti, dostoinstva i delovoi reputatsii [Analytical review of judicial acts on cases of protection of honor, dignity and business reputation] // Programma USAID-IDLO «Povyshenie obshchestvennogo doveria k sudebnoi sisteme KR» – Programme USAID-IDLO “Increasing the Public Trust in the Legal System of KR”, Bishkek, 2019 <http://admin-vshp.sot.kg>. Retrieved from http://admin-vshp.sot.kg/public/sites/3/2020/02/analiz_chest_dostoinstvo-1.pdf [in Russian].
- 12 Nurtaev, R.T. (2019). O zakonodatelnoi reglamentatsii ugovnoi otvetstvennosti yuridicheskikh lits [On the legislative regulation of criminal liability of legal entities]. *Pravo i gosudarstvo – Law and State*, 1 (82), 4–14. km.kazguu.kz. Retrieved from <http://km.kazguu.kz/magazine/1-82-2019> [in Russian].
- 13 «Sot tazhiribesinde azamattardyn zhane zandy tulgalardyn ar-namysy men abyroiyn zhane iskerlik bedeldiligin qorgau zhonindegi zandylyqty qoldanu turaly» Qazaqstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn normativtik qaulysy. 1992 zhylygy 18 zheltoqsan No 6 [Normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated December 18, 1992 No. 6 on the application of the rule of law in judicial practice to protect the honor and dignity and business reputation of citizens and legal entities]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_ [in Kazakh].
- 14 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi. 1994 zhylygy 27 zheltoqsandagy No 268-XIII QRZ [Civil Code of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 No. 268-XIII Sam]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ [in Kazakh].
- 15 Davydov, R.H. (2020). Problemy zashchity chesti, dostoinstva i delovoi reputatsii po zakonodatelstvu Rossiskoi Federatsii [Problems of protection of honor, dignity and business reputation under the legislation of the Russian Federation]. *Ekonomika. Pravo. Obshchestvo – Economy. Right. Society*, 1, 57–62. Retrieved from https://epo.rea.ru/jour/article/view/287?locale=ru_RU [in Russian].
- 16 Ordabaeva, A.B. (2014). Yuridicheskoe ponatie chesti i dostoinstva v Respublike Kazakhstan [The legal concept of honor and dignity in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta – Bulletin of the National Kazakh University*. articlekz.com. Retrieved from <https://articlekz.com/article/1927416> [in Russian].
- 17 Metodicheskie rekomendatsii po zashchite chesti i dostoinstva sotrudnikov, delovoi reputatsii organov vnutrennikh del [Methodological recommendations for the protection of the honor and dignity of employees, the business reputation of internal affairs bodies]. *mvd.ru*. Retrieved from https://mvd.ru/upload/site69/folder_page/012/015/564/Methodicheskie_rekomendatsii_o_zaschite_chesti_i_dostoinstva_sotrudnikov_delovoy_reputatsii_organov_vnutrennikh_del.pdf [in Russian].
- 18 Pchelintsev, S.V. & Pchelintsev, S.S. (2009). Nekotorye voprosy yeticheskogo regulirovaniia v gosudarstvennom upravlenii: Niderlandskii opyt obespecheniia «dobroporiadochnosti» [Some issues of ethical regulation in public administration: The Dutch experience of ensuring “Integrity”]. *Voprosy gosudarstvennogo i munitsipalnogo upravleniia – Questions of state and municipal administration*, 1, 48–59. Retrieved from http://ecsocman.hse.ru/data/904/770/1223/48-59_Pchelintsev.pdf [in Russian].
- 19 Malinovskii, A.A. (2008). Kodeks professionalnoi yetiki: poniatie i yuridicheskoe znachenie [Code of Professional Ethics: concept and legal meaning]. *Zhurnal rossiskogo prava – Journal of Russian Law*, 4, 39–44. Retrieved from <http://mgimo.ru/upload/iblock/830/8309bc11a5dbd749e6e6dafd38f15b70.pdf> [in Russian].